



Бекітемін:

№29 «Ай-Керім» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:

А.И.Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
Тақырыбы:
«Үлкен-кіші дөңгелектер»

«Балапан» кіші тобы

Тәрбиеші: А.Б.Жумабаева



2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы : «Үлкен кіші дөңгелектер»

Білім беру саласы: Коммуникация, Таным, Денсаулық, Шығармашылық

Бөлімі: Көркем әдебиет, Сенсорика, Жапсыру, Мүсіндеу, Құрастыру, дене шынықтыру

Тақырыбы : «Үлкен кіші дөңгелектер»

Максаты:

Білімділік: Қыс туралы түсініктерін бекіту, балаларға пішіндер (дөңгелектер: үлкен, кіші) туралы білімдерін кеңейту, балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, бұған дейінгі алған білімдерін тиянақтау.

Дамытушылық: Ой-қиялын дамыту, саусақ моторикасын жетілдіру.

Қолданылған көрнекіліктер: Карточкалар, үлкен және кіші дөңгелектер, интерактивті тақта

Тәрбиеші: Жумабаева Аксауле Бейсеновна

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Шаттық шеңбері. Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін Қыз қолында гүл жүрсін, Ұл қолында ту жүрсін Балалар бүгін біздің тобымызға қонақтар келіп қалды қане бәріміз сәлемдесіп алайықшы. Сәлеметсіздер ме! - Балалар, қазір қай мезгіл? - Сендерге қыс мезгілі ұнайма? - Қыс мезгілінде табиғатымызда қандай өзгерістер болады? - Балалар, мына тақташаға назарымызды аударайықшы. - Бұл жерде ненің суреттері бейнеленген? - Дұрыс айтасындар балалар! Кішкентай және үлкен дөңгелектер ішінде түрлі суреттер бейнеленген. Мен сендерге қызықты сұрақтар қойсам сендер жауап бересіңдер ме? - Сұрақтардың жауаптары дөңгелектер ішінде жасырылған. Сендер жауапты үлкен және кіші дөңгелектер деп	Балалар ортаға шеңбер құрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Балалар мәтінді қайталап, қимыл-қозғалыс арқылы жасайды Балалар сәлемдеседі Қыс мезгілі Қар жауады, күн суиды. Дөңгелектердің Әрине Балаларды « үлкен –

атап қана жауап бересіңдер. Олай болса балалар бастайық.

- Іске сәт!

Сурет бойынша сұрақ.

1) Балалар қыс мезгілі қандай дөңгелекте жасырылған?



2) Жарайсыңдар балалар, ал екінші сұрағым балалар біздің қыста киетін жылы киімдеріміз қандай дөңгелекте бейнеленген?



-Жарайсыңдар!

-Балалар сендер өте ақылды білімді балапандар екенсіңдер. Балалар сендер қыс мезгілі туралы такпақтар білесіңдер ме?

- Қане олай болса қонақтарымызға такпақтарыңды айтып беріңдерші.

-Керемет! Балалар мен бүгінгі күніміз қызықты өту үшін топқа біздің сүйікті досымыз аққаланы қонаққа шақырып қойдым. Қазір қонағымызда кеп қалады.

Сендерге аққаламен бірге ойнаған

кіші» дөңгелектерді таныйды


Үлкен

Кішкентай

Әрине

Балалар такпақтарын айтып береді



	ұнайма?	Иә
Іздену- ұйымдастырушы	Ғажайып сәт . Топқа аққала келеді - Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендерге қонаққа келдім. Мені сағынып қалдыңдар ма? Мен өзіммен бірге сендерге қар алып келдім қараңдаршы. Қолдарыңмен ұстап көрсеңдер де болады. Тәрбиеші: - Балалар мен сендермен тыныстау жаттығуын жасағым келіп тұр. Аққала сен бізге қосылсаң болады Тыныстау жаттығуы: - Қараңдаршы әдемі ұлпа қарларды. Қане, оларды үрлейікші. Ерінді алдыға созып, дөңгелектеп жай, ұзақ үрлейік. Менің қолым тонды . Ал сендердің қолдарын тонды ма? Қолдарын қайықша етіп жасап, аузына апарып дем шығарып, қолдарын жылытады. - Жарайсыңдар ! Аққала: Балалар жаңа мен сендерге келе жатып досым ақшақардың туылған күніне деп сатып алған әдемі моншақтарымды үзіп алдым. Сендер маған сол моншағымды жалғап беруге көмек беріндерші?! Тәрбиеші: - Әрине, аққала біз саған көмектесеміз. Балалар қараңдаршы аққаланың моншақтары өте әдемі екен. Ол үлкен және кіші моншақтардан құралған. Қане бәріміз моншақтарды өз орнына, өз түстеріне қойып жабыстырып шығайық. Аққала: - Қандай керемет балалар сендер сондай ақылды екенсіңдер. Ақшақар қатты қуанатын болды. Балалар мен сендерге құр келген жоқпын, қызықты ойын алып келдім. Тәрбиеші: - Алақай ол қандай ойын? Біздің балалар қызықты ойын ойнағанды қатты ұнатады. Аққала: - Мына үлкен және кіші дөңгелектерде сендердің жақсы көретін Аяз атаның, Ақшақардың және менің	Балалар аққаламен сәлемдеседі. Әрине, сағындық Қолдарына қарды ұстап көреді  Балалар тыныстау жаттығуын жасайды. Балалар қуана келіседі. Карточкада бейнеленген моншаққа түсіне және көлеміне қарай моншақтарын орналастырады. 

	суреттерім жасырылған. Дөңгелектерді айналдыра отырып, суреттерді құрастырамыз. Сергіту сәті Тәрбиеші: -Балалар біз керемет ойындар ойнадық. Ал енді аққаланы шығармашылық алаңына апарып өз өнерімізді көрсетіп таңқалдырсақ қалай қарайсыңдар? Ол үшін біз бойымызды сергітіп мына «Таңғажайып жол» арқылы билеп әндетіп барамыз. Бұл «Таңғажайып жолда» үлкен және кіші дөңгелектер бейнелеген. Біз кіші дөңгелектерге келгенде жүріп, үлкен дөңгелекке келгенде қос аяқтап секіреміз. Жарайма! Ал, олай болса аққала сен бізбен қосылып әндетіп бара ғой. Шығармашылық алаң -Балалар біз бірінші үстелде аққаланы фетр матасымен қиылған үлкен және кіші дөңгелектерді жабыстыра отырып құрастырамыз. Ал екінші үстелде қолдан жасалған қар арқылы аққаланы мүсіндейміз. Аққала: -Қандай керемет! Сендер өте өнерлі шығармашыл балалар екенсіңдер. Мен сендердің өнерлерің туралы қуаныштан Аяз атамен Ақшақарға айтуға асығып тұрғанымды қарашы. Ақшақардың туылаған күні де таяп қалды, олар мені күтіп қалған болар. Балалар сендерге үлкен рахмет. Сау болыңдар балалар! Аққала балалармен қоштасып кетеді	Балалар қызыға ойнайды Әрине балалар қуана келіседі Балалар секіріп жолмен жүріп бойлары сергіп қалады. Балалар ек үстелге бөлініп, өз шығармашылықтарымен қызыға айналысады Балалар аққалмен қоштасады
--	--	--

Рефлексивті түзету:	- Балалар бізге қонаққа кім келді? - Сендерге аққаламен ойнаған ұнады ма? - Ал қармен аққала жасағанымыз ұнады ма? - Балалар біздің бүгінгі күніміз керемет өтті. Солайма балалар! Олай болса балалар біз қонақтарымыз қоштасайық. Сау болыңыздар!	Аққала. Әрине иә Сау болыңыздар!
----------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білу:

Қыс мезгілінің ерекшеліктерін білді

Игеру:

Үлкен- кіші дөңгелектерді ажыратып тануды

Менгеру:

Ойынның ережесін түсініп ойнауды